**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 25 қаңтарда № 31767 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық инспекцияларына және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* — *Е. Карашукеев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 24 қаңтардағы
№ 24 бұйрығымен
бекітілген

**Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына рұқсат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін, басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттар беру мерзімі - 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сағат 17.00-ден кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ведомствоның жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішінен алынған деректерді (мәліметтерді) ақпараттық жүйеде қарайды және олардың осы Қағидалардың 13-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу кезінде ведомствоның жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге сұраным дайындап, басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді.

11. Ведомствоның жауапты жұмыскері осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген мерзім ішінде тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына рұқсат жобасын немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.";

12. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес келген жағдайда, тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің экспортына, импортына рұқсат береді;

2) Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды жолдайды.

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттар беру бойынша тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ведомство кеңсесінің жұмыскері хат келіп түскен күні оның қабылданған күні мен қабылданған уақытын көрсете отырып, хатты қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және ведомствоның жауапты орындаушысын тағайындайтын ведомство басшысына жібереді.

Импорттаушы елдің немесе экспорттаушы елдің ветеринария саласындағы уәкілетті органы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сағат 17.00-ден кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, хаты қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ведомствоның жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкестігін тексереді.

Хатта көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болу фактісі және осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкестігі анықталған жағдайда, ведомствоның жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші қол қойған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсатты не Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Хатты қарау және рұқсат беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің транзитіне рұқсат беруден бас тартады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ветеринария саласындағы уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған,

шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10505 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

"Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеңсе жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген өтініші және құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты орындаушыны тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, кеңсе жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жауапты орындаушы өтінішті тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініштен алынған деректерді (мәліметтерді) "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" ақпараттық жүйесіне ( бұдан әрі – ақпараттық жүйе) енгізеді, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыстығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу туралы шешімді қабылдайды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен ветеринариялық препараттар мен азықтық қоспалар туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы ветеринариялық препараттарының мемлекеттік тізіліміне және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы азықтық қоспаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Тіркеу куәлігі ақпараттық жүйеде ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жеке кабинетке жіберіледі не басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолы қойылады, мөрмен расталады және кеңсе арқылы қолма-қол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тіркеу куәлігін бере отырып ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеу туралы не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды бере отырып, ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту ақпараттық жүйеде ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жеке кабинетке жіберіледі не басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қолы қойылады, мөрмен расталады және кеңсе арқылы қолма-қол беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген, дара кәсіпкер қайта тіркелген және (немесе) оның атауы өзгерген, заңды тұлғаның атауы өзгерген және ( немесе) заңды тұлға бірігу, қайта құрылу, басқа заңды тұлғаға қосылу, бөлініп шығу

және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер туындаған сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде кеңсеге не порталға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған өтінішті және Тізбеде көрсетілген құжаттарды жолдайды.

15. Жауапты орындаушы ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің толықтығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу куәлігін қайта ресімдейді және мәліметтерді Тізілімдерге енгізеді, сондай-ақ ақпаратты ветеринария саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл ретте ветеринариялық препаратты, азықтық қоспаны мемлекеттік тіркеудің қолданылу мерзімі және тіркеу куәлігінің нөмірі сақталады.

Көрсетілетін қызметті алушының тіркеу куәлігін қайта ресімдеуге арналған құжаттарын қарау кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болса, онда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 7-1- тармағына сәйкес әрекет жасайды.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, ветеринария саласындағы уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Егер занда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші, ведомство, ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2, 6, 7 және 9-қосымшалар осы Тізбеге 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларда және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарда:

4 және 5-тармақтартар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Экспорт кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 1-тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ветеринариялық сертификатты алу үшін тасымалдау басталғанға дейін алдын ала (осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда кемінде 2 (екі) жұмыс күні) тиісті аумақтық бөлімшенің кеңсесі не портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт кезінде орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беруге арналған өтінішті және № 1-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Аумақтық бөлімше кеңсесінің маманы өтініш және № 1-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде тіркеуді жүзеге асырады және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды анықтау үшін аумақтық бөлімшенің басшысына жолдайды.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесінде қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетілген тіркеу туралы белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық сертификат алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтініште көрсетілген мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға ( бұдан әрі – Ветеринариялық-санитариялық қағидалар), Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін бақылаудағы

тауарларға Бірыңғай ветеринариялық сертификаттар нысандарынан ерекшеленетін екі жақты ветеринариялық сертификаттарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық актілерінде, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға немесе ветеринариялық-санитариялық талаптарға (бұдан әрі – Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін бақылаудағы тауарларға ветеринариялық-санитариялық талаптарға (бұдан әрі – Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар) және Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға (бұдан әрі – Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар), импорттаушы елдердің талаптарына сәйкестігін тексереді;";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші № 1-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 2-тізбе) осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық-санитариялық қорытындыны алу үшін портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге өтінішті және № 2-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Аумақтық бөлімше кеңсесінің маманы өтініш пен № 2-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде оларды тіркеуді жүзеге асырады және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды анықтау үшін аумақтық бөлімшенің басшысына жібереді.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 ( үш) күні жұмыс күні ішінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

1) объектіні зерттеп-қарауды жүзеге асырады;

2) объектінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді;

3) объектінің Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және " Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11837 болып тіркелген), "Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12208 болып тіркелген), "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12243 болып тіркелген) бекітілген талаптарға сәйкестігін тексереді .

25. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектінің осы Қағидалардың 24-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ЭЦҚ қойылған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны (бұдан әрі – ветеринариялық-санитариялық қорытынды) ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор көрсетілетін қызметті алушыны ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруден бас тарту жөнінде алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрселген ветеринариялық-санитариялық

қорытындының дайын екендігі туралы хабарлама мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне"жолданады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде дайындалған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны аумақтық бөлімшенің кеңсесіне береді.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесі ветеринариялық-санитариялық қорытындыны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Көрсетілетін қызметті беруші № 2-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

28-тармақ алып тасталсын;

30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 3-тізбе) осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген.

Ветеринариялық анықтаманы алу үшін жануардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және № 3-тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

31. Ветеринариялық анықтаманы беру үшін мемлекеттік ветеринариялық ұйымның басшысы айқындаған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның маманы (бұдан әрі – ветеринария саласындағы маман) № 3-тізбенің 8-тармағында көрсетілген өтінішті және құжаттарды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады.

Қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетілген тіркеу туралы белгі оның мемлекеттік ветеринариялық ұйымда қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық анықтаманы алу үшін портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Көрсетілетін қызметті беруші № 3-тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.";

59, 60, 61 және 62-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың немесе мамандардың шешіміне,

әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым аумақтық бөлімше, мемлекеттік ветеринариялық ұйым, ведомство, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор/мемлекеттік ветеринариялық ұйым оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор/мемлекеттік ветеринариялық ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

60. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес:

аумақтық бөлімше, мемлекеттік ветеринариялық ұйым, ведомство, уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

61. Аумақтық бөлімшенің, мемлекеттік ветеринариялық ұйымның, ведомствоның, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасығышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

62. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 7, 10, 11 және 12-қосымшалар осы Тізбеге 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2020 жылғы 2 қазандағы № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21364 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру қағидаларында:

5, 6, 7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбенің 8 -тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, ветеринариялық-санитариялық қорытынды туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда ) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды келіп түскен күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және оларды жауапты жұмыскерді тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері құжаттар тіркелген күннен бастап

2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/69 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және олардың сәйкестіктігін растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алу үшін портал арқылы ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне сұраным жібереді.

8. Ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жұмыскері және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері сұраным келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы еркін нысанда қорытынды жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытындыға ведомствоның аумақтық бөлімшесінің жұмыскері және ( немесе) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері және көрсетілетін қызметті алушы қол қояды және ведомствоның аумақтық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

9. Көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды алынған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияға қосымшаны ресімдейді.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыны лицензияға қосымшаны беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін лицензияны және (немесе) тыңдалым өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес өткізіледі.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік лицензия және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің

уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері құжаттар берілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және (немесе) дұрыс ресімделуін тексереді.

Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе дұрыс ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәжді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты жұмыскері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияны және (немесе) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік лицензияға қосымшаны қайта ресімдейді.";

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді және ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес тыңдалым рәсімін өткізеді.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші, ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз тасығышта берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды ескере отырып,
орны ауыстырылатын (
тасымалданатын)

объектілердің экспортына, импортына
және транзитіне рұқсат
беру қағидаларына
2-қосымша

## "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасарлары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына арналған рұқсат - 2 (екі) жұмыс күні.<br>Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің транзитіне басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттар - 30 (отыз) жұмыс күні.<br>Орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсат - 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| | | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сағат 17-00-ден кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің –Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.<br>Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 17.00-ден кейін келіп түскен жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет келесі жұмыс күнінде көрсетіледі. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) обьектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| | | беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің, көлік құралының, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша
Ветеринариялық препараттарды,
жемшөп қоспаларын мемлекеттік
тіркеуді жүргізу қағидаларына
2-қосымша

## "Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Жеке және заңды тұлғалардың ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;<br>2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) тіркеу куәлігін беру кезінде – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;<br>2) тіркеу куәлігін қайта ресімдеу кезінде – 5 (бес) жұмыс күні ішінде;<br>3) тіркеу куәлігінің телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Тіркеу куәлігі, тіркеу куәлігінің телнұсқасы не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00- |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. |
| | | Тіркеу куәлігін алу үшін:<br>көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:<br>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/31 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10505 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат (көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде);<br>порталға:<br>көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттарды, азықтық қоспаларды мемлекеттік тіркеуге арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш.<br>Тіркеу куәлігінің телнұсқасын алу үшін:<br>көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:<br>1) тіркеу куәлігінің телнұсқасын алуға арналған еркін нысандағы өтініш; 2) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат (көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде);<br>порталға:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраным.<br>Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеу кезінде тіркеу куәлігін алу үшін: Ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуді жүргізу үшін:<br>көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:<br>1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуге арналған өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат (көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде);<br>3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 7-1/625 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10298 болып тіркелген) бекітілген Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу қағидаларында көзделген тиісті құрылымға сәйкес келетін |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | ветеринариялық препаратқа арналған нормативтік-техникалық құжаттама;<br>4) Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған, таралуы эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды уақытша тіркеуден өткізудің орындылығы туралы ғылыми-зерттеу мекемелерінің ұсынымдары;<br>5) ветеринариялық препараттарды қолданудың ұқсас саласы бойынша басқа мемлекеттерде олардың мемлекеттік тіркелгені туралы құжат (сол жануарларға және жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларына қарсы).<br>Тіркеу куәлігін қайта ресімдеу үшін: көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:<br>1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу куәлігін қайта тіркеуге арналған өтініш;<br>2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде сақталатын құжаттарды қоспағанда, тіркеу куәлігін қайта тіркеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері;<br>3) ветеринариялық препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі (шетелдік өндірушілер үшін);<br>4) ветеринариялық препаратқа, азықтық қоспаға бұрын берілген тіркеу куәлігінің түпнұсқасы (бар болса);<br>порталға:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың тіркеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | куәлігін қайта ресімдеуге арналған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>3) ветеринариялық препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдік өндірушілер үшін);<br>4) ветеринариялық препаратқа бұрын берілген тіркеу куәлігінің элекрондық көшірмесі (түпнұсқа ( бар болса) мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі берілген кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне ұсынылады).<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны, ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия туралы мәліметтерді ( отандық өндірушілер үшін) көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.<br>Басқа тілдерде жасалған құжаттар мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылып және тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін бір тілден екінші тілге аударманың дұрыстығына нотариустың не аударманың дұрыстығын куәландыру жөніндегі іс-әрекеттерді жасауға құқығы бар | |

| | | |
|---|---|---|
| | | басқа лауазымды адамның куәландырылған қолымен ұсынылады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы тіркеу куәлігін алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қағидалардың 6-тармағында және осы Тізбенің 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысан арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің: www.gov.kz, интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу
жөніндегі ұйымдарға есептік
нөмірлер беру қағидаларына

2-қосымша

## "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші ).** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 2 (екі) жұмыс күні.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 6 (алты) жұмыс күні, оның ішінде:<br>мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні;<br>өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілген). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру және жануарлар өсіруді, жануарларды, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азық және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.<br>Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес белгілейді. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті ұсынады.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін беруге арналған өтініш береді. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) есепке алу нөмірін алу үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, объектілердің және (немесе) деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұ |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | йрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар және "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен бірге "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілуі мүмкін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру қағидаларына
6-қосымша

## Өндіріс объектісінің қызмет түрі мен нөмірін қамтитын кодтан тұратын есепке алу нөмірі

| **Р/с №** | **Қызмет түрі** | **Коды** |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Өндіріс объектілерінің қызмет түрлерінің кодтары | | |
| 1 | Жануарлар мен құстарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері: | |
| | Жануарларды бордақылау алаңдарында өсіру және өткізу | К1 |
| | Жануарларды асыл тұқымдық орталықтарда (репродукторларда) өсіру және өткізу | К2 |
| | Құс фабрикаларында (құс шаруашылықтарында) құс өсіру | К3 |
| | Ауыл шаруашылығы құралымдарында (шаруа, фермерлік шаруашылықтар, кешендер) жануарларды өсіру | К 4 |
| | Балық өсіру | К5 |
| | Ара өсіру (омартада) | К6 |
| | Жануарларды ішкі сауда объектілерінде өткізу | К 7 |
| | Құстарды ішкі сауда объектілерінде өткізу | К 8 |
| | Балықты ішкі сауда объектілерінде өткізу | К9 |
| | Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері: | |
| | ет өңдеу кәсіпорындары; | U1 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | сою пункттері (жылжымалы ( мобильді) сою пункттерін қоса алғанда); | U2 |
| | сою алаңдары (жылжымалы ( мобильді) сою алаңдарын қоса алғанда); | U3 |
| | құс өңдеу кәсіпорындары | U4 |
| | балық және балық өнімдері | U5 |
| | жануарлардан алынатын шикізат | U6 |
| | бал және ара шаруашылығы өнімдері | U7 |
| | сүт және сүт өнімдері | U8 |
| | жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері | U9 |
| 3 | Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері: | |
| | ет, ет өнімдері | G1 |
| | балық және балық өнімдері | G2 |
| | бал және ара шаруашылығы өнімдері | G3 |
| | жануарлардан алынатын шикізат | G4 |
| | сүт және сүт өнімдері | G5 |
| | жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері | G6 |
| 4 | Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер: | |
| | ет, ет өнімдері | W1 |
| | балық және балық өнімдері | W2 |
| | бал және ара шаруашылығы өнімдері | W3 |
| | жануарлардан алынатын шикізат | W4 |
| | сүт және сүт өнімдері | W5 |
| | жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері | W6 |
| 5 | Ветеринариялық препараттарды және азықтық қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдар | Y |
| 6 | Ветеринариялық препараттарды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдар | V |
| 7 | Азық және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізуі жөніндегі ұйымдар | O |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге
асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен жемшөп
қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру қағидаларына
7-қосымша

## Өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлерін беруге арналған литерлік код

| Р/с № | Код | Атауы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | KZ | Қазақстан Республикасы |
| 2. | C | Ақмола облысы |
| 3. | 01 | Ақкөл ауданы |
| 4. | 02 | Аршалы ауданы |
| 5. | 03 | Астрахан ауданы |
| 6. | 04 | Атбасар ауданы |
| 7. | 05 | Бұланды ауданы |
| 8. | 06 | Көкшетау қаласы |
| 9. | 07 | Степногорск қаласы |
| 10. | 08 | Еңбекшілдер ауданы |
| 11. | 09 | Біржан сал ауданы |
| 12. | 10 | Ерейментау ауданы |
| 13. | 11 | Есіл ауданы |
| 14. | 12 | Жақсы ауданы |
| 15. | 13 | Жарқайың ауданы |
| 16. | 14 | Зеренді ауданы |
| 17. | 15 | Қорғалжын ауданы |
| 18. | 16 | Сандықтау ауданы |
| 19. | 17 | Целиноград ауданы |
| 20. | 18 | Шортанды ауданы |
| 21. | 19 | Шу ауданы |
| 22. | 20 | Қосшы қаласы |
| 23. | B | Алматы облысы |
| 24. | 01 | Балқаш ауданы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 25. | 02 | Еңбекшіқазақ ауданы |
| 26. | 03 | Жамбыл ауданы |
| 27. | 04 | Іле ауданы |
| 28. | 05 | Қарасай ауданы |
| 29. | 06 | Райымбек ауданы |
| 30. | 07 | Талғар ауданы |
| 31. | 08 | Ұйғыр ауданы |
| 32. | 09 | Қонаев қаласы |
| 33. | 10 | Кеген ауданы |
| 34. | J | Жетісу облысы |
| 35. | 01 | Талдықорған қаласы |
| 36. | 02 | Текелі қаласы |
| 37. | 03 | Ақсу ауданы |
| 38. | 04 | Алакөл ауданы |
| 39. | 05 | Ескелді ауданы |
| 40. | 06 | Қаратал ауданы |
| 41. | 07 | Кербұлақ ауданы |
| 42. | 08 | Көксу ауданы |
| 43. | 09 | Панфилов ауданы |
| 44. | 10 | Сарқанд ауданы |
| 45. | D | Ақтөбе облысы |
| 46. | 01 | Әйтеке би ауданы |
| 47. | 02 | Алға ауданы |
| 48. | 03 | Байғанин ауданы |
| 49. | 04 | Ақтөбе қаласы |
| 50. | 05 | Ырғыз ауданы |
| 51. | 06 | Қарғалы ауданы |
| 52. | 07 | Мәртөк ауданы |
| 53. | 08 | Мұғалжар ауданы |
| 54. | 09 | Темір ауданы |
| 55. | 10 | Ойыл ауданы |
| 56. | 11 | Қобда ауданы |
| 57. | 12 | Хромтау ауданы |
| 58. | 13 | Шалқар ауданы |
| 59. | E | Атырау облысы |
| 60. | 01 | Атырау қаласы |
| 61. | 02 | Жылыой ауданы |
| 62. | 03 | Индер ауданы |
| 63. | 04 | Исатай ауданы |
| 64. | 05 | Қызылқоға ауданы |
| 65. | 06 | Құрманғазы ауданы |
| 66. | 07 | Мақат ауданы |

| | | |
|---|---|---|
| 67. | 08 | Махамбет ауданы |
| 68. | F | Шығыс Қазақстан облысы |
| 69. | 01 | Өскемен қаласы |
| 70. | 02 | Алтай қаласы |
| 71. | 03 | Риддер қаласы |
| 72. | 04 | Глубоков ауданы |
| 73. | 05 | Зайсан ауданы |
| 74. | 06 | Алтай ауданы |
| 75. | 07 | Қатон-Қарағай ауданы |
| 76. | 08 | Күршім ауданы |
| 77. | 09 | Самар ауданы |
| 78. | 10 | Тарбағатай ауданы |
| 79. | 11 | Ұлан ауданы |
| 80. | 12 | Шемонаиха ауданы |
| 81. | Q | Абай облысы |
| 82. | 01 | Курчатов қаласы |
| 83. | 02 | Семей қаласы |
| 84. | 03 | Аягөз қаласы |
| 85. | 04 | Ақсуат ауданы |
| 86. | 05 | Абай ауданы |
| 87. | 06 | Аягөз ауданы |
| 88. | 07 | Бесқарағай ауданы |
| 89. | 08 | Бородулиха ауданы |
| 90. | 09 | Жарма ауданы |
| 91. | 10 | Көкпекті ауданы |
| 92. | 11 | Үржар ауданы |
| 93. | H | Жамбыл облысы |
| 94. | 01 | Байзақ ауданы |
| 95. | 02 | Жамбыл ауданы |
| 96. | 03 | Жуалы ауданы |
| 97. | 04 | Қордай ауданы |
| 98. | 05 | Мерке ауданы |
| 99. | 06 | Мойынқұм ауданы |
| 100. | 07 | Т. Рысқұлов ауданы |
| 101. | 08 | Сарысу ауданы |
| 102. | 09 | Талас ауданы |
| 103. | 10 | Шу ауданы |
| 104. | 11 | Тараз қаласы |
| 105. | L | Батыс Қазақстан облысы |
| 106. | 01 | Ақжайық ауданы |
| 107. | 02 | Бөкейорда ауданы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 108. | 03 | Бөрлі ауданы |
| 109. | 04 | Жаңақала ауданы |
| 110. | 05 | Жәнібек ауданы |
| 111. | 06 | Зеленов ауданы |
| 112. | 07 | Казталов ауданы |
| 113. | 08 | Қаратөбе ауданы |
| 114. | 09 | Сырым ауданы |
| 115. | 10 | Тасқала ауданы |
| 116. | 11 | Теректі ауданы |
| 117. | 12 | Шыңғырлау ауданы |
| 118. | 13 | Орал қаласы |
| 119. | P | Қостанай облысы |
| 120. | 01 | Алтынсарин ауданы |
| 121. | 02 | Амангелді ауданы |
| 122. | 03 | Әулиекөл ауданы |
| 123. | 04 | Денисов ауданы |
| 124. | 05 | Жангелдин ауданы |
| 125. | 06 | Жітіқара ауданы |
| 126. | 07 | Қамысты ауданы |
| 127. | 08 | Қарабалық ауданы |
| 128. | 09 | Қарасу ауданы |
| 129. | 10 | Қостанай ауданы |
| 130. | 11 | Меңдіқара ауданы |
| 131. | 12 | Наурызым ауданы |
| 132. | 13 | Сарыкөл ауданы |
| 133. | 14 | Таранов ауданы |
| 134. | 15 | Ұзынкөл ауданы |
| 135. | 16 | Федоров ауданы |
| 136. | 17 | Қостанай қаласы |
| 137. | 18 | Арқалык қаласы |
| 138. | 19 | Лисаковск қаласы |
| 139. | 20 | Рудный қаласы |
| 140. | M | Қарағанды облысы |
| 141. | 01 | Абай ауданы |
| 142. | 02 | Ақтоғай ауданы |
| 143. | 03 | Бұхар-Жырау ауданы |
| 144. | 04 | Қарқаралы ауданы |
| 145. | 05 | Нұра ауданы |
| 146. | 06 | Осакаров ауданы |
| 147. | 07 | Шет ауданы |
| 148. | 08 | Қарағанды қаласы |
| 149. | 09 | Балқаш қаласы |

| | | |
|---|---|---|
| 150. | 10 | Приозерск қаласы |
| 151. | 11 | Сарань қаласы |
| 152. | 12 | Теміртау қаласы |
| 153. | 13 | Шахтинск қаласы |
| 154. | U | Ұлытау облысы |
| 155. | 01 | Жезқазған қаласы |
| 156. | 02 | Жаңаарқа ауданы |
| 157. | 03 | Ұлытау ауданы |
| 158. | 04 | Қаражал қаласы |
| 159. | 05 | Сәтпаев қаласы |
| 160. | N | Қызылорда облысы |
| 161. | 01 | Арал ауданы |
| 162. | 02 | Қазалы ауданы |
| 163. | 03 | Қармақшы ауданы |
| 164. | 04 | Жалағаш ауданы |
| 165. | 05 | Сырдария ауданы |
| 166. | 06 | Шиелі ауданы |
| 167. | 07 | Жаңақорған ауданы |
| 168. | 08 | Қызылорда қаласы |
| 169. | 09 | Байқоңыр қаласы |
| 170. | R | Маңғыстау облысы |
| 171. | 01 | Бейнеу ауданы |
| 172. | 02 | Қарақиян ауданы |
| 173. | 03 | Маңғыстау ауданы |
| 174. | 04 | Тұпқараған ауданы |
| 175. | 05 | Ақтау қаласы |
| 176. | 06 | Жаңаөзен қаласы |
| 177. | 07 | Мұнайлы ауданы |
| 178. | S | Павлодар облысы |
| 179. | 01 | Павлодар қаласы |
| 180. | 02 | Ақсу қаласы |
| 181. | 03 | Екібастұз қаласы |
| 182. | 04 | Ақтоғай ауданы |
| 183. | 05 | Баянауыл ауданы |
| 184. | 06 | Железин ауданы |
| 185. | 07 | Ертіс ауданы |
| 186. | 08 | Тереңкөл ауданы |
| 187. | 09 | Аққулы ауданы |
| 188. | 10 | Май ауданы |
| 189. | 11 | Павлодар ауданы |
| 190. | 12 | Успен ауданы |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 191. | 13 | Шарбақты ауданы |
| 192. | Т | Солтүстік Қазақстан облысы |
| 193. | 01 | Айыртау ауданы |
| 194. | 02 | Ақжар ауданы |
| 195. | 03 | Аққайың ауданы |
| 196. | 04 | Есіл ауданы |
| 197. | 05 | Жамбыл ауданы |
| 198. | 06 | Мағжан Жұмабаев ауданы |
| 199. | 07 | Қызылжар ауданы |
| 200. | 08 | Мамлют ауданы |
| 201. | 09 | Ғабит Мүсірепов атындағы аудан |
| 202. | 10 | Тайынша ауданы |
| 203. | 11 | Тимирязев ауданы |
| 204. | 12 | Уәлиханов ауданы |
| 205. | 13 | Шал ақын ауданы |
| 206. | 14 | Петропавл қаласы |
| 207. | X | Түркістан облысы |
| 208. | 01 | Арыс ауданы |
| 209. | 02 | Бәйдібек ауданы |
| 210. | 03 | Қазығұрт ауданы |
| 211. | 04 | Мақтаарал ауданы |
| 212. | 05 | Ордабасы ауданы |
| 213. | 06 | Отырар ауданы |
| 214. | 07 | Сайрам ауданы |
| 215. | 08 | Сарыағаш ауданы |
| 216. | 09 | Созақ ауданы |
| 217. | 10 | Төлеби ауданы |
| 218. | 11 | Түлкібас ауданы |
| 219. | 12 | Шардара ауданы |
| 220. | 13 | Арыс қаласы |
| 221. | 14 | Түркістан қаласы |
| 222. | 15 | Кентау қаласы |
| 223. | 16 | Жетісай ауданы |
| 224. | 17 | Келес ауданы |
| 225. | 18 | Сауран ауданы |
| 226. | A | Алматы қаласы |
| 227. | 01 | Алатау ауданы |
| 228. | 02 | Алмалы ауданы |
| 229. | 03 | Әуэзов ауданы |
| 230. | 04 | Бостандық ауданы |
| 231. | 05 | Жетісу ауданы |
| 232. | 06 | Медеу ауданы |

| | | |
|---|---|---|
| 233. | 07 | Түрксіб ауданы |
| 234. | 08 | Наурызбай ауданы |
| 235. | Z | Астана қаласы |
| 236. | 01 | Алматы ауданы |
| 237. | 02 | Есіл ауданы |
| 238. | 03 | Сарыарқа ауданы |
| 239. | 04 | Байқоңыр ауданы |
| 240. | Y | Шымкент қаласы |
| 241. | 01 | Абай ауданы |
| 242. | 02 | Әл-Фараби ауданы |
| 243. | 03 | Еңбекші ауданы |
| 244. | 04 | Қаратау ауданы |

Ескертпе:

Есепке алу нөмірі символдардан тұрады және құрылымы мынадай:

бірінші символ - елдің коды - KZ;

екінші символ – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) литерлік коды;

үшінші символ – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) реттік нөмірі;

төртінші символ - өндіріс объектісінің қызметі түрінің коды;

бесінші символ - өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

алтыншы символ - Е (экспорттаушылар үшін), I (импорттаушылар үшін);

Мысалы: KZ C.01/G1-0001/E; Мысалы: KZ C.01/G1-0001/I;

KZ - елдің коды;

С - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) литерлік коды;

01 - ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коды (реттік нөмірі);

G1 - өндіріс объектісінің қызмет түрі;

0001 - өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

Е – экспорттаушы;

I – импорттаушы.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Жануарлар өсіруді, жануарларды,
жануарлардан алынатын өнім мен
шикізатты дайындауды (союды),
сақтауды, өңдеуді және өткізуді
жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне,
сондай-ақ ветеринариялық
препараттарды, жемшөп пен жемшөп

қоспаларын өндіру, сақтау және
өткізу жөніндегі ұйымдарға
есептік нөмірлер беру қағидаларына
9-қосымша

Нысан

___________________________________
—
(ветеринария саласындағы уәкілетті
орган ведомствосының аумақтық
бөлімшесінің атауы)

**Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін беруге арналған өтініш**

__________________________________________________________________________________
(объектінің типі)

Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және есепке алу нөмірін беруді сұраймын.

Объектінің атауы ________________________________________________
Объектінің сипаттамасы __________________________________________
Объектінің құрамы ______________________________________________
Үй-жайға меншік құқығы __________________________________________
Объектінің мекенжайы ____________________________________________
Үй-жай иесінің деректері _________________________________________
Шарт жасалған күн _______________________________________________
Шарттың қолданылу мерзімі _______________________________________
Шарттың ерекше талаптары ________________________________________
Үй-жайға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі, күні
өндіріс объектісі қызметінің түрі: __________________________________
Экспортты/импортты жүзеге асыру: __________________________________
өндіріс объектісінің құрамы:

| **Р/с №** | **Өндіріс объектісі орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің ( жер учаскесінің, ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың) кадастрлық нөмірі** | **Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары ( геоақпараттық сервис арқылы)*** | | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|---|
| | | бойлық | ендік | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Ескертпе: * Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің
координаттары (бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік болса, геоақпараттық

сервис арқылы анықталады.
Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:
заңды тұлға үшін:
атауы: ___________________________________________________________
бизнес-сәйкестендіру нөмірі: ________________________________________
басшының жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі:__

______________________________________________________________________
мекенжайы: _______________________________________________________
телефон нөмірі (факс): ______________________________________________
жеке тұлға үшін:
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: ____________________________________
жеке сәйкестендіру нөмірі: __________________________________________

_____________________________________________________________________
жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі: _____________________________________________________________
кім берді: ___________________________________________________________
берілген күні: _______________________________________________________
мекенжайы: _________________________________________________________
телефон нөмірі (факс): _______________________________________________
Мына құжаттарды қоса беремін: _______________________________________
Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.
Көрсетілетін қызметті алушы 20__ жылғы " " ______ сағат___-де қол қойып, жіберді.
Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:

_____________________________________________________________________
ЭЦҚ қою күні мен уақыты: ___________________________________________
Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:
Өтініш 20__ жылғы " ___" ______ сағат___-де қабылданды
Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің ЭЦҚ деректері:

_____________________________________________________________________
ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: ______________________________________

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Ветеринариялық құжаттарды беру
қағидалары және олардың
бланкілеріне қойылатын талаптарға
1-қосымша

## "Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| **1** | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары; Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші).** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық инспекцияларының кеңселері;<br>2) "электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 2 (екі) жұмыс күні ішінде.<br>Дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат беру кезінде -жүгінген күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Ветеринариялық сертификат не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2 -тармағының 6) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы (ветеринариялық сертификат бланкісі үшін). Көрсетілетін қызметті алушы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол ақшасыз нысан түрінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған бланкінің құнын төлейді. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.<br>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.<br>Жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес жүзеге асырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетілетін қызметті берушіге:<br>1) экспортау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын ) объектілерге ветеринариялық сертификат беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат және көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжат (құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының өкілі тапсырған кезде) ( сәйкестендіру үшін);<br>3) жануарлардан алынатын өнімдерді, шикізатты, азықтарды ( "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген) Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесінде " *" символымен белгіленген өнімдерді қоспағанда) тасымалдау кезінде – сараптама актісінің ( сынақ хаттамасының) көшірмесі;<br>Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) оны берген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінен салқындатылған етті, салқындатылған тағамдық балық |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | өнімдерін, тағамдық жұмыртқаны әкету (экспорттау) үшін пайдалануға мынадай жағдайларда жол беріледі:<br>өндіріс объектісі бекіткен және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы уәкілетті органы ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісілген Өнімді мониторингтік зерттеу жоспарының (бұдан әрі – Мониторинг жоспары) болуы;<br>Мониторинг жоспары шеңберінде зерттелетін өнімнің сараптама актісі (сынақ хаттамасы) берілген сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде оны пайдалану кезеңінде зерттелетін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкестігі;<br>4) иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорт көшірмесі;<br>5) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге ( Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған ( тасымалданған) объектілердің орнын ауыстырған (тасымалдаған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтама көшірмесі ( агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған " e-Agriculture" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) болмаған жағдайда);<br>6) ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>порталға: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) экспортау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын ) объектілерге ветеринариялық сертификат беруге осы Қағидаларға 2-қосымшаға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) электрондық көшірмесі;<br>3) иттер мен мысықтардың орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде – ветеринариялық паспорттың электрондық көшірмесі;<br>4) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге немесе үшінші елдерге ( Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер) әкету мақсатында республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігінен республиканың басқа әкімшілік-аумақтық бірлігіне орны ауыстырылған ( тасымалданған) объектілердің орнын ауыстырған (тасымалдаған) кезде және/немесе республиканың бір әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің иесі ауысқанда – ветеринариялық анықтаманың электрондық көшірмесі (ББАЖ АЖ-да болмаған жағдайда);<br>5) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Жеке басын куәландыратын құжат , заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы, |

| | | |
|---|---|---|
| | | асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат туралы, балықтың қайдан ауланғаны туралы, орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектілерді тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды ескере отырып экспортауға рұқсат беру туралы, ветеринариялық анықтама туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру ( бағыты) және (немесе) келу ( межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;<br>2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;<br>3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;<br>4) ветеринариялық сертификатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған |

| | | |
|---|---|---|
| | | деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің, көлік құралдарының, деректердің және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық сертификат алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік құпиясөзді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. |

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша
Ветеринариялық құжаттарды беру
қағидалары және олардың бланкілеріне
қойылатын талаптарға
7-қосымша

## "Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| **1** | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор және оның орынбасары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) бекіткен тізім негізінде жүзеге асырады.** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. www. egov. kz, (бұдан әрі – портал) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 4 (төрт) жұмыс күні ішінде. "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – өтініш тіркелген сәттен бастап 6 (алты) күн, оның ішінде: мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 4 (төрт) жұмыс күні;<br>өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірін беру – 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ "бір өтініш " қағидаты бойынша көрсетілетін. |
| | | Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.<br>"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру және жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азық пен азық қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Ақылы. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 35-бабы 2-тармағының 6) тармақшасы негізінде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www. gov. kz интернет-ресурсында орналастырылған ветеринариялық-санитариялық қорытындының құнын төлейді. Көрсетілетін қызметті алушы бланктің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда төлейді. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.<br>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасы Еңбек |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде), өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытта көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс уақыты кестесіне сәйкес белгіленеді. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | 1) Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға 8-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>"бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметті алу үшін – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге және есептік нөмір беруге өтініш;<br>2) меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы туралы, меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;<br>2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;<br>3) ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық-санитариялық қорытынды алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден уәжді бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет және " Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет жиынтығында "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілуі мүмкін. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www. gov. kz " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
9-қосымша
Ветеринариялық құжаттарды беру
қағидалары және олардың бланкілеріне
қойылатын талаптарға
10-қосымша

Нысан

_____________________________________

(ветеринария саласындағы уәкілетті
орган ведомствосының аумақтық
бөлімшесінің атауы)

**Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және "бір өтініш" қағидаты бойынша есепке алу нөмірін беруге арналған өтініш**

____________________________________________________________________________________________________

(объектінің типі)

Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны және есепке алу нөмірін беруді сұраймын.

Объектінің атауы __________________________________________________

Объектінің сипаттамасы ____________________________________________

Объектінің құрамы___________________________________________________

Үй-жайға меншік құқығы____________________________________________

Объектінің мекенжайы _____________________________________________

Үй-жай иесінің деректері____________________________________________

Шарт жасалған күн__________________________________________________

Шарттың қолданылу мерзімі__________________________________________

Шарттың ерекше талаптары___________________________________________

Үй-жайға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі, күні

өндіріс объектісі қызметінің түрі: _____________________________________

Экспортты/импортты жүзеге асыру: __________________________________

өндіріс объектісінің құрамы:

| **Р/с №** | **Өндіріс объектісі орналасқан жылжымайтын мүлік объектісінің ( жер учаскесінің, ғимараттың, құрылыстың, құрылысжайдың) кадастрлық нөмірі** | **Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары ( геоақпараттық сервис арқылы)*** | | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|---|
| | | бойлық | ендік | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Ескертпе: * Өндіріс объектісі орналасқан аумақтың бұрылыс нүктелерінің координаттары (бойлық және ендік) техникалық мүмкіндік болса, геоақпараттық сервис арқылы анықталады.

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:

заңды тұлға үшін:

атауы: _____________________________________________________________

бизнес-сәйкестендіру нөмірі: __________________________________________

басшының жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі :_____
___________________________________________________________________________
мекенжайы: _______________________________________________________________
телефон нөмірі (факс): ______________________________________________________
жеке тұлға үшін:
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі: __________________________________________
жеке сәйкестендіру нөмірі: _________________________________________________
жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі: ____________________________________________________________________
кім берді: __________________________________________________________________
берілген күні: _______________________________________________________________
мекенжайы: _______________________________________________________________
телефон нөмірі (факс): ______________________________________________________
Мына құжаттарды қоса беремін: _______________________________________________
Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін.
Көрсетілетін қызметті алушы 20__ жылғы " " ______ сағат___-де қол қойып, жіберді.
Көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректері:
ЭЦҚ қою күні мен уақыты: ___________________________________________________
Өтінішті қабылдау туралы хабарлама:
Өтініш 20__ жылғы " " ______ сағат___-де қабылданды
Ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің
ЭЦҚ деректері: ______________________________________________________________
ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты: _________________________________________________

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
10-қосымша
Ветеринариялық құжаттарды беру
қағидалары және олардың бланкілеріне
қойылатын талаптарға
11-қосымша

## "Ветеринариялық анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| **1** | **Көрсетілетін қызметті берушінің атауы** | **Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші ) көрсетеді.** |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті беруші;<br>2) "электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1 (бір) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Ветеринариялық анықтама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы;<br>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде), өтінішті қабылдау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс уақытта қызмет берушімен жұмыс уақытының кестесіне сәйкес белгіленеді. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. |
| | | көрсетілетін қызметті берушіге:<br>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген) бекітілген ветеринариялық құжаттарды беру және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы Қағидаларға (бұдан әрі – Қағидалар) 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ( жануардың ветеринариялық паспорты мен жеке нөмірінің болуын, ветеринариялық тексеру нәтижелерін, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдайды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан үзінді көшірмеде бар жануарлар туралы мәліметтерді негізге ала отырып);<br>2) балықтарды және басқа да су жануарларын (тірі, жас, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы ( цисталар)) бес килограммнан астам тасымалдау кезінде ауланған жері туралы анықтаманың көшірмесі – " Балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 304 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14117 болып тіркелген) белгіленген туралы анықтаманың көшірмесі (бұдан әрі – ауланған жері туралы анықтама);<br>3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізу кезінде-ветеринариялық – санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі;<br>порталға:<br>1) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) балықтарды және басқа да су жануарларын (тірі, жас, салқындатылған, мұздатылған балық, сондай – ақ шаяндар, гаммарус, салина артемиясы (цисталар)) бес килограмнан астам тасымалдау кезінде-ауланған жері туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;<br>3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізу кезінде-ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау |

| | | |
|---|---|---|
| | | объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама, Ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.<br>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру ( бағыты) және (немесе) келу ( межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;<br>2) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;<br>3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;<br>4) ветеринариялық анықтаманы және (немесе) олардағы деректерді (мәліметтерді) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұсынған құжаттардың дәйексіздігін анықтау (жануардың жеке нөмірінің болмауы));<br>5) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті жануардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, көлік құралының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының ветеринариялық анықтаманы алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден уәжді бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www. gov. kz " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
11-қосымша
Ветеринариялық құжаттарды беру
қағидалары және олардың бланкілеріне
қойылатын талаптарға
12-қосымша

Нысан
Кімге ____________________________________

(мемлекеттік ұйымның немесе

________________________________________

өндірістік бақылау бөлімшенің атауы)
Кімнен ____________________________________
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/заңды
тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _______________________________
Өтініш нөмірі:______________________________

**Өтініш**

_________________________________________________________________

(жануарға, жануардан алынатын өнімге, жануардан алынатын шикізатқа, азыққа)
___________________________ветеринариялық анықтама беруіңізді сұраймын.
Жануардың, өнімнің, жануарлардан алынатын шикізаттың, азықтың атауы, түрі

______________________________________________________________________________

Жануарды (балықтардан, балараларынан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа), жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты тасымалдау кезінде – жануардың жеке нөмірі,
ветеринариялық паспорттың нөмірі

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Балықтарды және басқа су жануарларын (тірі, жаңа ауланған, тоңазытылған, мұздатылған
балық, сондай-ақ шаяндар, гаммарус, артемия салина (циста) бес килограмнан астам тасымалдау
кезінде–орны ауыстырылатын (тасымалданатын) көлемге балықтың қайдан ауланғаны туралы
анықтаманың нөмірі мен күні

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және үшінші елдерден ( Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық

(ветеринариялық-санитариялық) бақылау объектілерінің Қазақстан Республикасының аумағы

бойынша орнын ауыстыру кезінде

____________________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________________

(ветеринариялық құжаттың атауы, нөмірі, күні)

Саны, оның өлшем бірлігі, қаптамасы, таңбалау, сәйкестендіру нөмірі, салмағы

____________________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________________

әзірленген__________________________________________________________________________

(жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды

(союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінің, сондай-ақ

азық өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымның атауы және мекенжайы)

Есепке алу нөмірі (жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен

шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс

объектілері, сондай-ақ азық өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдар үшін)

____________________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________________

межелі пункті, сатып алушы______________________________________________________________

Тасымалдау (орнын ауыстыру) мақсаты ____________________________________________

(бордақылау, өсіру, ұстау, сою, санитариялық

____________________________________________________________________________________

мал сою, көрме, жалға беру, қайтарылатын жазғы жайылымдар, жою, сату, өңдеу, кәдеге
жарату және басқалар)
Көлік түрі ______________________________________________________________
(темір жол, су, автомобиль жолдары,
______________________________________________________________
әуе көлігімен, автомобильдің, вагонның нөмірі, кеменің атауы, рейс нөмірі)
______________________________________________________________
Көлік туралы мәліметтер ______________________________________________
(тазартылған немесе дезинфекцияланған, дезинфекция актісінің нөмірі мен берілген күнін
көрсету)
Бағыты бойынша __________________________________________________
(негізгі жүру пункттерін немесе станция мен жолдарды, тиеу мен түсіруді көрсету)
______________________________________________________________
Ерекше белгілер: ________________________________________________
(аса қауіпті, жұқпалы ауру жануарларды жөнелту кезінде толтырылады)
______________________________________________________________
Байланыс телефоны _______________________________________________
Электрондық мекенжайы (бар болса) ______________________________
Мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:___________________________
Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына
сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және
заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді
жинауға, өңдеуге, сақтауға, түсіруге және пайдалануға келісім беремін

______________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызмет алушының немесе оның өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Күні: 20__жылғы "_____" ____________

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
12-қосымша
Ветеринария саласындағы
қызметпен айналысуға арналған
лицензия беру қағидаларына
1-қосымша

## "Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | 1) ветеринариялық мақсаттағы ветеринариялық препараттарды өндіру жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия беру – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші);<br>2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметпен айналысуға арналған лицензия беру – облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызметті беру тәсілдері | "электрондық үкіметтің" www. egov. kz веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде, оның ішінде заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 5 (бес) жұмыс күні;<br>2) заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда , лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Мемлекеттік лицензияны және ( немесе) мемлекеттік лицензияға қосымшаны беру, мемлекеттік лицензияны және (немесе) мемлекеттік лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу не уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке ветеринария саласындағы қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді, ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес:<br>1) лицензия беру үшін − 6 (алты) айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін − лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ " электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған, электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші;<br>2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринария саласындағы |

| | | |
|---|---|---|
